

## Республикадағы экономикалық ахуал және ТМД-ға қатысушы-елдермен кредит-ақша қатынастары жөніндегі республикалық кеңестің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 маусым 1993 ж. N 550

Республикадағы экономикалық ахуал мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің ұсыныстары мен кеңестерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің берген тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, Экономика министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі "Қазконтракт" АҚ-ның және басқа да мұдделі ұйымдардың қатысуымен отандық тауар өндірушілерді республикада өндірілетін шикізатпен, тауарлармен және қызметпен басымдықпен қамтамасыз етуді ескеріп, екі апта мерзімде республиканың ішіндегі шаруашылық байланыстарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі, "Қазконтракт" АҚ-ы мұдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне елдің импортқа тәуелділігін қысқарту, сондай-ақ импорт шикізатын пайдаланатын тиімсіз кәсіпорындарды жабу жөнінде ұсыныс енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Сыртқы істер министрлігімен және Әділет министрлігімен сомдық аймақтағы елдермен ұлттық банктердегі 1992 жылғы және 1993 жылдың қантар-мамырындағы корреспонденттік шоттардың нәтижелері бойынша шоттарды тексеру мен реттеуді және мемлекетаралық тиісті келісімдер өзірлеуді кедергісіз жүзеге асыратындығы ескерілсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қоғамдық мемлекеттерінің, "Қазконтракт" АҚ-ы мұдделі ұйымдардың қатысуымен бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Орта Азия мемлекеттерімен сауда-экономикалық байланыстарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Энергетика және отын ресурстары министрлігінің, жергілікті әкімшіліктердің қатысуымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Экономикалық өзгерістер қорының қаражатын пайдалануды қайта қарау жөнінде оны елдің отын-энергетика жағынан тәуелсіздігін қамтамасыз етуге әрі республика экономикасының басқа мемлекеттерге

тәуелділігін азайтуға барынша пайдалануды ескере отырып, ұсыныстар енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Экономика министрлігімен бірлесіп, стратегиялық шикізат ресурстарының экспортына мемлекеттік монополия орнату жөнінде ұсыныстар енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Ұлттық банкі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен Үкіметтің Сомдық аймақта қатысушы мемлекеттердің кәсіпорындары арасында есеп айырысадың жаңа тәртібі енгізуіне байланысты төтенше жағдайлардағы іс қимылышының Бағдарламасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК